

#22

(958)

4 ТАМЫЗ

2023 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

КЕН ОРЫНДАРЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

КҮШІН
ЖОЙҒАН
КЕЛІСІМШАРТ
118

ҚАЙТАРЫЛҒАН
ЛИЦЕНЗИЯ
272

ҚАТТЫ ҚАЗБА
БАЙЛЫҚ
245

КӨМІРСУТЕГІ
27



БЮДЖЕТКЕ
ТӨЛЕНГЕН
БОНУС **KZT**

**1,5
МЛРД**

ИНВЕСТИЦИЯ **KZT**
(ГЕОЛОГИЯЛЫҚ
БАРЛАУ)

**15,7
МЛРД**

ҚАЙТАРЫЛҒАН КЕНІШТЕР

АЛТЫН**КӨМІР****ТЕМІР****МЫС****МҰНАЙ****ГАЗ**

Дерек көзі: primeminister.kz

BRENT \$85.57

USD 445 T

EUR 489 T

RUB 4,71 T

ЕЛІМІЗДІҢ АУҒАНСТАНМЕН САУДА-САТТЫҚ БАЙЛАНЫСЫ БЕКІП, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТАУАР АЙНАЛЫМЫ ШАМАМЕН 1 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ. ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР СЕРІК ЖҰМАНҒАРИННИҢ СӘУІР АЙЫНДАҒЫ КАБУЛҒА САПАРЫ КЕЗІНДЕ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ КӨЛЕМІН 3 МЛРД ДОЛЛАРҒА ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕ КЕЛІСКЕН ЕДІ. БИЫЛ ГЕРАТТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ. МҰНЫҢ ӨЗІ АРАДАҒЫ ЭКСПОРТ-ИМПОРТТЫҚ ТАСЫМАЛДЫ ҰЛҒАЙТУҒА ҺӘМ ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА МҰМКІНДІК БЕРЕДІ.

ОСЫ АПТАДА АСТАНАДА ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН МЕН АУҒАНСТАН БИЗНЕС-ФОРУМЫ АЯСЫНДА ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ-САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН МЕН АУҒАНСТАННЫҢ САУДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРІ ӘЛХАЖ НҰРИДДИН ӘЗИЗИ ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН САУДА-САТТЫҚТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.

АУҒАН ЭКОНОМИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯҒА АШЫҚ

Серік ЖҰМАНҒАРИН,
Премьер-Министрдің орынбасары-сауда және интеграция министрі:

«Қазақстан Ауғанстанның тәуелсіз, бейтарап, біртұтас, бейбіт, демократиялық және гүлденген мемлекет ретінде қалыптасуын жақтайды. Біз сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және энергетикалық байланыстарды дамытуға мүдделіміз.

2005 жылдан бастап Ауғанстаннан Қазақстан экономикасына инвестициялар ағынының жалпы көлемі шамамен 11,7 млн долларды құрады. Қазақстанда жұмыс істейтін бірлескен кәсіпорындардың саны сауда саласында 52-ге жетті. Ауғанстанға жөнелтілетін қазақстандық экспорттың 90 пайызы – өңделген өнім. Биылғы 4 айда Ауғанстанға Өзбекстан аумағы арқылы 450 мың тоннадан астам ұн жөнелтілді. Бірақ Өзбекстан арқылы жүк тасымалдау тарифі жоғары. Бұл бағытта транзиттік тасымалдаудың мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс басталды. Түрікменстан өз аумағы арқылы жеңілдетілген транзит тарифін ұсынуға дайын.

Бүгінгі келіссөздерді ескере отырып, форум алаңында 106 млн доллар көлеміндегі коммерциялық құжаттарға қол қою жоспарланған. Диалог алаңы жаңа жобаларға, сауда-экономикалық ынтымақтастық бағыттарын әрмен қарай дамытуға негіз болды».



Нуриддин ӘЗИЗИ,
Ауғанстанның өнеркәсіп және сауда министрі:

«Ауғанстан ислам әмірлігінің сыртқы саясаты – аймақтық интеграцияға,

экономикалық және сауда ынтымақтастығына негізделген тәуелсіз, теңдестірілген және экономикаға бағытталған саясат.

Ауғанстан ислам әмірлігі шетелдік инвесторларға, әсіресе, Қазақстаннан және өңірдің басқа елдерінен келген кәсіпкерлерге ел ішінде қажетті жағдай жасауға дайын. Өткен жылы Ауғанстан экспортының көлемі алғаш рет 120 пайызға өсті. Сауда және транзит саласындағы көп жақты қарым-қатынасты дамыту үшін сауда серіктестерімізбен, оның ішінде Өзбекстан, Иран, Ресей, Қытай, Пәкістан және басқа елдермен негізгі уағдаластықтар жасалды.

Әуе дәлізін құру, екі елде банктердің өкілдігін ашу, кәсіпкерлерге виза беру пункттерін құру, іскерлік кездесулер, көрмелер мен конференциялар өткізу, ортақ кеңістік құру, Қазақстанға жүк тасымалдау мерзімін қысқарту және сауда мен транзит кедергілерін жою маңызды.

Біз Қазақстан Президенті мен Үкіметіне алғыс айтамыз. Қазақстанның гуманитарлық саладағы қолдауын жоғары бағалаймыз. Біз сауда саласындағы байланыстарға, осыған дейінгі ауған халқына жасалған көмекке ризамыз».

ҚАЗАҚСТАН-АУҒАН ІСКЕРЛІК ФОРУМЫ АЯСЫНДА 190,8 МЛН ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ ЭКСПОРТ КЕЛІСІМШАРТТАРЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ.

ЖАЗ ШЫҒА ДӘРІГЕРЛЕР ДАБЫЛ ҚАҒА БАСТАЙДЫ. УЛАНЫП ҚАЛМАС ҮШІН ШЫЖЫҒАН ЫСТЫҚТА НЕ БОЛСА СОНЫ ЖЕУГЕ БОЛМАЙТЫНЫН АЙТЫП САҚТАНДЫРАДЫ. ДҰРЫС. БІЗДЕ, ӘСІРЕСЕ, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДА УШЫНУ, УЛАНУ ЖИІ БОЛЫП ТҰРАТЫН ҮЙРЕНШІКТІ ҚҰБЫЛЫС. СОНДЫҚТАН ДӘРІГЕР КЕҢЕСІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, «ЕКІ ИСКЕП, БІР РЕТ ШОҚУҒА» ТУРА КЕЛЕДІ. БІРАҚ БАЛАЛАР ЛАГЕРІ, ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҚ, ЖЕТІМДЕР ҮЙІНДЕ ТАМАҚ ТАЗАЛЫҒЫ ТИІСТІ ДӘРЕЖЕДЕ САҚТАЛА МА? КҮНІ КЕШЕ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДА БІРЕУ-ЕКЕУ ЕМЕС, 14 БАЛАНЫҢ УЛАНУЫ ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ТЕРЕҢ ҮҢІЛҮДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ.

30 шілдеде, яғни жексенбі күні болған оқыс оқиғаны жұрт 1 тамызда естіп-білді. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Қарағандыға аттанды. Ести сала емес, «әлеуметтік қызмет көрсету

күмән тудырады. Осыған дейінгі бақылау барысы көрсеткендей ішек инфекциясына ұқсамайды. Ол бойынша алдын ала анализ нәтижесі теріс. Қазір анализдер нақтыланып жатыр», – деумен шектелді.

басқармасының ақпараты бойынша, 2022 жылы орталыққа 1 313 004 000 теңге, ал 2023 жылы 1 456 287 000 теңге бөлінген. Бұл қаржының басым бөлігі балаларды тамақтандыруға жұмсалады. Демек орталықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге ақша жеткілікті. «Астан уланған жоқ» деп шыр-пыр болудың бір себебі осында ма? КТК телеарнасының сюжетінде зардап шеккен балалардың ата-аналары «дезинфекциялық ерітінді ішіп қоюы мүмкін» деген күдік айтты.

Бейсенбі күні Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы балалардың тамақтан уланбағанын, әлі де кеңірек зерттеуді қажет ететінін хабарлады. Уақыт озған сайын,

14 БАЛА НЕДЕН УЛАНДЫ?

орталығындағы жағдай туралы денсаулық сақтау министрлігі кеше хабар алды» деген сөзіне қарағанда, министрлікке суыт хабар бір күн бұрын түскен. Уланған балалардың біреуі көз жұмбағанда, әдеттегі оқиға сияқты болып қалар ма еді, кім білсін.

Балалар омбудсмені Динара Зәкиева да сол жаққа жетіп, уланғандар арасында жетімдер бар екенін жазды.

Ауруханаға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығымен және емдеуші дәрігерлермен жедел кеңес өткізді. Оқиғаның себептерін анықтау үшін арнайы комиссия құрылды. Қылмыстық іс қозғалды. Орталық директорының міндетін атқарушы (директор еңбек демалысында болған) мен 12 қызметкер жұмыстан шеттетілді. Бірақ олардың қандай қызмет атқарғаны, не бүлдіріп қойғаны туралы ашық ақпарат айтылмады. Балалардың неден уланғаны жұмбақ.

Денсаулық сақтау министрі 1 тамыздағы брифингте: «Алдын ала болжам бойынша, тағам токсикоинфекциясы диагнозы



БАҚ-та жарияланған мәліметке сәйкес, Қарағанды облысындағы балаларға арналған «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» 1977 жылы құрылған. Бұл мекемеде 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар тәрбиеленеді. Қазір орталықта 202 балаға әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Олардың 160-ы стационарда, 42-і тек күндізгі бөлімшеде ем алады. Орталықта 374 қызметкер жұмыс істейді. Балалар ұл-қыз болып 6 топқа бөлінген. Уланған балалар, өңшең ұл бір топта болған.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар

оқыс жағдайдың өзі ұмытыла бастайтыны заңдылық. Бірақ балалар омбудсмені мұндайға жол бермейді деп үміттенеміз. Динара Зәкиева балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін 84 мекеменің бәрінде Бас прокуратураның тексеру жүргізетінін, күзде өзі де аралап шығатынын мәлімдеді. Сондай-ақ ол мамандарды даярлау, олардың жалақысын көтеру және ең бастысы – балаларды тамақтандыру нормаларын қайта қарап, талапты күшейту сияқты мәселелерді шұғыл түрде шешу керек дейді.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

ҚИСЫҚ АЙНА

СТИГ ЛАРССОН – ШВЕД ӘДЕБИЕТІНДЕ ЕСІМІ ӘЙГІЛІ ҚАЛАМГЕР. КҮЛЛІ ӘЛЕМГЕ КӨЗ ЖҰМҒАН СОҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ТАНЫЛДЫ. «АЙДАНАР ТАҢБАЛЫ ҚЫЗ» АТТЫ РОМАННЫҢ ЖЕЛІСІМЕН КИНО ДА ТҮСІРІЛДІ. ЖУРНАЛИСТ-ЖАЗУШЫ ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 60-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ЕУРОПАНЫҢ ТЕРІСТІГІНДЕ БИЛІК ПЕН КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМДАРҒА СЫНАЛАЙ КІРІП, ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН АЗҒЫНДЫҚТЫ УАҒЫЗДАҒАН ӘСІРЕ ОҢШЫЛДАР МЕН РАДИКАЛ КҮШТЕРДІҢ ЗОР ҚАУІП ЕКЕНІН ЕСКЕРТІП КЕТТІ. ОЛ ТЕРРОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛҒАН ШВЕЦИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОЛОФ ПАЛМЕГЕ ЖАСАЛҒАН ҚАСТАНДЫҚТЫҢ АРҚАСЫНДА КІМДЕР ТҰРҒАНЫН АНЫҚТАУҒА ТЫРЫСТЫ. ӨМІРДЕН ЕРТЕ КЕТКЕН (50 ЖАСЫНДА) СТИГ ЛАРССОН ҚАЗІР ТІРІ БОЛҒАНДА ҚАЛАНЫҢ ҚАҚ ОРТАСЫНДА ҚАСИЕТТІ ҚҰРАНДЫ ӨРТЕЙТІНДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛТЫҒЫНА СУ БҮРІККЕНДЕР ЖӨНІНДЕ НЕБІР МӘЛІМЕТ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАР МА ЕДІ.

Әзірге діни рәмізге қол көтерген Расмус Полудан мен Салуан Момикаға қатысты толыққанды мағлұматтан гөрі күмән көп. Алғашқысы 2020 жылдың тамыз айында Данияны шулатып жүрген. Тыйым салынғандықтан швед жеріне кіре алмайтын. Сол жылы қазан айында аяқ астынан оған Швеция азаматтығы беріледі. 2021 жылы кәмелетке толмағандарға жыныстық зорлық жасады деп айыпталды. Жергілікті тілде дұрыс сөйлей алмаса

түп-тегін қазбалаған араб блогерлері оның Ирақтағы христиан қауымының өкілі екенін анықтайды. Бұл бастапқыда ғаламторда желдей ескен «мұсылман өзінің қасиетті кітабын өртеді» деген алып-қашпа сөзді теріске шығарды. Сондай-ақ Швецияға келген соң Момиканың өзі сияқты мұғажырларды (мигрант) елден аластатуды талап ететін «патриоттардың» ұйымына өз еркімен қосылу да әлгі күдікті қоюлата түскендей. Күмән демекші, ашулы тұрғындар Бағдат

ҚАСИЕТТІ КІТАПҚА ҚАСТАНДЫҚ НЕМЕСЕ ОРТА ҒАСЫРҒА ОРАЛУ

да, партия құрады. Ұйымның мақсаты – мұсылман мигрант пен исламға қарсы өшпенділік ұрығын себу. Өзін қолдап, қорғайтын тоқпағы мықты қолдаушыны тапқан сияқты.

Тегі ирактық Момиканың да жүрісі сұйық. Бес жыл бұрын Скандинавия түбегіндегі осы мемлекетке келіп, саяси баспана алады. Өзін атеист деп таныстырған. Алайда «құдайсыздың»



Фото: bbc.com

шаһарындағы швед елшілігіне лап қойғаннан кейін ол көп күттірмеді. Енді

Стокгольмдегі парламент ғимараты алдында өзінің бұрынғы отандасы Салуан Нәжиммен бірге жымысқы ниетін іске асырды. Сот рұқсат бергендіктен, тәртіп сақшылары әдеттегідей жайбарақат бақылап тұрды.

Кәрі құрлықтың теріскейінде иісі мүміннің наным-сеніміне қастандық



Фото: Reuters

ҚИСЫҚ АЙНА

үдегелі түрлі болжам айтыла бастады. Қайсыбір сарапшы мұны «Швецияның НАТО-ға мүше болуына кедергі туғызу» деп топшылады. Ал билік демократияны алға тартты. «Жараспайтын қылық. Бірақ бізде пікір еркіндігі бәрінен биік» дегенге келтірді. Құрбан Айттың алғашқы күні қасиетті кітап өртенгенде полиция өкілі Юлия Маричтің «Конституциялық қорғау от жағуға тыйым салудан маңыздырақ» деуі көп нәрсені аңғартса керек.

Мұсылман қауымы мен жер бетіндегі ешбір дінді жатсынбайтындар мұны баяғыдан келе жатқан «Исламға қарсы қысастықтың сұмпайы көрінісі» деп бағалады. Талассыз ақиқат. Салман Рушдидің сандырағымен басталған діни вандализм әлі де жалғасып жатыр. Қанша уақыттан бері жасырынып,

тығылып жүрген жалдамалы жазушысымақтың жолын қуушылар жетерлік. Тіпті білдей бір журнал, мұхиттың арғы жағындағы пастор да арам ниетті амалдан тайынбады.

Теология зерттеушілеріне жүгінсек, Еуропада діни кітапты өртеу тарихы тереңде. Орта ғасырларда яһудилердің Талмудын бірнеше рет отқа лақтырған. Өткен айда швед елінің бір тұрғыны еврей мемлекетінің елшілігі алдында Інжіл мен Тораны өртеу үшін полицияға жүгінді. Рұқсат беріледі.

Израиль басшылығы мұны үзілді-кесілді айыптады. Қорықты ма, әлде біреулер көндірді ме, кім білсін, әйтеуір, әлгі кісі райынан тез қайтыпты.

Әлемдік дін көшбасшыларының съезін өткізіп, конфессияаралық татулықты ту еткен Қазақстан миллиардтардың сенімін қорлайтын бассыздықты үзілді-кесілді айыптады. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев Солтүстік Еуропа елдеріндегі Құранды өртеу актілері қазіргі

бүгінде дінаралықтың келісім емес, керісінше, төзімсіздік пен өшпенділік елесі кезіп жүр. Бірер жыл бұрын осы құбылыс жайында (Еуропа 2.0) жазғанбыз. Бұған Азия мен Африкадан ағылған толассыз көш, кәрі құрлықтың саяси, діни және мәдени келбетінің өзгеруі, отбасыдағы дәстүрлі құндылықтың қадірі қашып, азғындықтың жайылуы себеп болса керек. Ақжарылқап заманда алаңсыз тіршілік еткен елдерде тілі мен наным-сенімі



әлемдегі жағдайды шиеленістіруге, халықтар мен мемлекеттер арасындағы сенімге нұқсан келтіруге бағытталған арандату деп бағалады. Президент мұндай жауапсыз әрекет бірауыздан айыпталып, БҰҰ Бас Ассамблеясы осы мәселеге қатысты өз ұстанымын білдіруі тиіс екенін мәлімдеді. Көп өтпей, еліміз БҰҰ Бас Ассамблеясының діни рәміздерді қорлауды айыптайтын қарарының тең авторы болды.

Өрелі өркениет пен мәуелі мәдениеттің бесігі болған Еуропада

бөлек кенттер көбейді. Тұрмыс ауыртпалығы тұрақтылықтың іргесін шайқады. Саяси сахнаға популистер, ымырасыз радикалдар, діни алауыздықты қоздыратын ұртоқпақтар шықты.

Сірә, біз білетін өркениетті Еуропаға оралу үшін, тағы да Қайта өрлеу қажет сияқты.



СРАЙЫЛ СМАЙЫЛ,
ШОЛУШЫ

Әлеуметтік желіде, басқа да әрқилы әңгімеде «Қыз Жібек» қайта экрандалатын көрінеді» деген сөз шығып жүр. Бірден айтайын, ащы әжуа, күлкі тудыратын жай. Қандай қажеттілік бар? Егер бұрынғы «Қыз Жібек» сәтсіз түсіріліп, түрлі бұрмалаушылықтар болса, қайта тәуекелге баруға болатын шығар. Құдайшылығын айтсақ, дүниежүзі қазақты осы фильм арқылы таныды. Қазіргі фильмдер әйгіледі деудің қисыны келмейді. Осындай сумақай сөздің шығатынын сезді ме екен, бірде Дулат Исабеков: «Қазір «Қыз Жібекті» түсірсе не болар еді? Құдай сақтап кезінде түсіріп алғанымыз қандай ақыл болған» деп еді. Сол кісі айтқандайын, енді қанша жерден кім де болсын таланты тасып туса да, халықтың қанша буынының сүйіспеншілігіне бөленіп, мәңгілікке жадында қалып қойған киноклассика «Қыз Жібек» тумайды. Орыстардың «Тағдыр тәлкегін» қайта түсіргені сияқты, өзгеге көзсіз еліктеудің түкке қажеті жоқ. Әбден ессіз еліктеу мен солықтаудан өтіп болған жоқпыз ба? Ізденген адамға тақырып қазақтың эпосында, ауыз әдебиетінде, жазба әдебиетінде жыртылып, айрылады. Қазақтың қаһарман қыздары – Алаш



КИНО МЕН

амазонкаларын түсіріңіз. Тіпті Дулат Исабековтың «Бөртесін». көріңіз. Осы спектакль кілтін тапсаңыз, фильмге де сұранып тұр.

Әлгіндей бөстекі сөз қайдан шығады? Еріксіз мынадай ой туады. Біз әлі күнге «Қыз Жібектің» қадіріне жетіп болған жоқпыз-ау. Болмаса, бұл не түртпек? Айталық, қырғыз фильм кеше де, бүгін де өз тұғырынан түскен емес. Қырғызда кино, қазақта театр озық болған

жылдар да есімізде. Сол қырғыздың фильмдерін аузының суы құрып мақтай беретін бір ағамызға, шамасы Болот Шәмшиев пе екен, қырғыздың бір мықтысы «есесіне сендерде «Қыз Жібек» бар ғой» депті (Бұл жауапта да бір қыжыл бар. Заманында осы «Қыз Жібекті» қырғыздар түсірмек болып, Мәскеумен екі ортада тартыс болғаны да бір хикая). Қазақтың барша элитасы, қаймағы мен қаспағы, тайлы-таяғымен жабылып жүріп түсірген «Қыз Жібек» туралы толғанысты тоқтату мүмкін емес. Сол қырғыздар Ш.Айтматовтың туындыларынан бірінен-бірі өтетін он шақты фильм түсірді. Ал бізде ондай туындылар жоқ па? Жоқ, бізге қайтадан «Қыз Жібекті» түсіру керек. Мен шаршағанда «Шаншарды» көремін. Демаламын. Ол жөнінде бірнеше мәрте қалам да тербедім. Ал қанша жерден күлкі іздесе де «Қыз Жібекті» пародиялап, қарабайыр күлкіге айналдырғанына налығаным рас. Сондықтан енді түсірілетін «Қыз Жібектің» де одан қалай асып түсетінін шамалайсың.

Мақала тақырыбына «Қыз Жібек» тұздық болғанымен, қазіргі



Әдебиет
порталы

қоғамда осындай ұлт жанына тиетін кеспірлі кесірге негізделген әуейі әңгімелердің тууына себеп бірнеше факторлар бар. Қазақ киносын өлшеусіз табыс табу, дұрысы – бизнес, майшелпекке айналдырып қана қоймай, оған қауіп-қатер төндіру өзі қалай, қайдан басталып еді? Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы отыз жыл бойы қазақ байларының, олигархтарының көзқұртына айналды. Тіпті студияны Талғарға көшіру де жоспарланған. Бір бөлігінен өрт те шықты. Қайсыбір жылы Сатыбалды Нарымбетовтің

КАМАЛ

көзі тірісінде А.Әшімұлы бастап, ұлттық киноның адам төзгісіз жағдайын ашып айтып, жоғарыға дабыл түсірді. Бұл салада жылдар бойы қалыптасып, қордаланған мәселелер ақыр соңы киношыларды митингіге шығуға мәжбүр етті. Тіпті оларға сес көрсетіліп, оның ақыры сүргінге ұласып, сотқа сүйреді. Айыппұл арқалады. Бұл қазақ киносы тарихында бұрын-соңды болмаған аса сорақы жағдай еді. Мәселенің шектен шыққаны сонша, қазақтілді киногерлерді «қой мен итке» теңеп, арнайы арандатушылық сурет жасап, әлеуметтік желіге салды. Бұл «Кино туралы» заң қабылданған соң құрылып, күні бүгінге дейін басынан дау кетпеген «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» басшыларының іс-әрекеті еді. Кейбір сенімді дерек көздеріне қарағанда, Үкіметтің ұлттық киноға бөлетін қаржысы аса қомақты көрінеді. Өкінішке орай, осынша қаржы ту-талақайға түсіп келген. Мәселен, қазақ тіліндегі фильм жобаларға жасалған қиянатының бір көрінісі – 153 өтінімді негізсіз

қабылдамай тастаған. Тіпті істің насырға шапқаны сонша, ұлттық құндылықтарды, мемлекеттік тілді менсінбеу ашықтан-ашық жүргізілген. Оның үстіне киноның көркемдік деңгейі емес, оған кеткен қаржы көлемі сөз болған. Киноны ең алдымен өнер деп тану, көрерменнің одан алатын рухани ләззатын назардан тыс қалдырып, науқаншылдық, уақыттың тығыздығын алға тарту дағдыға айналған. Қысқасы, орталық көркем дүние жасаудан гөрі киноның өндірісіне баса назар аударып кеткен тәрізді. Жалпы тарихи

телесериалдар түсіруде телеарналарда соңғы жылдар мұғдарында көш ілгерілеушілік бар. Алайда

арзан фильмдер пайда болуда. Отандық киноның дамуына жаңаша көзқарас, тың серпін керек. Мысалы, киноға барған көрермен санын есептейтін цифрлық жүйе енгізуге болады. Мәдениет және спорт министрлігіне жуық арада осы жүйені дайындап, қолданысқа енгізуді тапсырамын. Шынында айтуымыз керек, соңғы кезде түсірілген тарихи фильмдердің олқылықтары көп. Сол үшін мамандармен ақылдасып, жалпы кино саласын реформалау керек», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Президенттің бір ауыз сөзінің өзі-ақ бұл саланың бүгінгі деңгейі сын көтермек түгілі, айтуға тұрмайтынын айқын аңғартып тұрған жоқ па? Өскен, өнген елдердің бәрінде өнердің ішінде



телеарналар мен үлкен форматта тапсырыс қабылдайтын орталықтың мүмкіндігін салыстыруға бола ма? Телесериалдарда өнер бола бермейді, оның өз мүмкіндігі бар. Телеформат пен үлкен экранға негізделген туындылардың айырмашылығы жер мен көктей. Қысқасы, ұлттық киноның осындай іштей булығып жатқан жағдайы Мемлекет басшысына дейін жеткеніне оның Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда айтқан мына сөзі айқын дәлел болса керек.

«Кино мамандары пайда табу үшін өте арзан фильмдер түсіруге мәжбүр. Сондықтан құны арзан, мазмұны

кино алға шыққан. Киномен саясат жасап отыр. Басқасын былай қойғанда, АҚШ-тың Голливуды мен Үндістанның Болливудын айтсақ та жеткілікті. Бұл елдерде мемлекеттен киноға бөлінетін қаржы қорғаныс саласымен деңгейлес. Арнайы кино министрлігі, академиясы бар. Бізде ең құрығанда Лениннің «Өнердің ішіндегі ең маңыздысы – кино» деген сөзін еске алып тұрсақ болмас па? Абай телеарнасының «Руханият» бағдарламасын бір жылға таяу жүргізіп, елу бес хабар дайындадым. Соның бірі «Киноның тілін» көрермен жақсы қабылдады. Ютубта жақсы қаралды. Осының өзі

қоғамның қазіргі рухани сұранысын, деңгейін байқатпай ма? Айтпағым, әлгі маңызды деген сөзге екпін беру. Хабарға қатысқан марқұм Сатыбалды Нарымбетов «Ұлтты әлемге әйгілейтін екі өнер түрін білемін, ол – кино мен музыка», –

тазалауымыз керек. Президент айтқандай, бұл салада реформа, төңкеріс керек. Қазақ киносындағы сол реформа 70-ші жылдары басталып, 90-шы жылдарға дейін ғана созылды. Өйткені киноның басында Камал Сейітжанұлы

мүмкіндік беріліп отырғанда қазіргілерге не жорық? Бірде Илья Жақанов «енді ұлттық композитор тумады» дегенде біреулер сын айтқан болып еді. Неге тумасын, ел болған соң туады ғой. Бірақ мына түрімізбен ол процесс ұзаққа

КИНО МЕН КАМАЛ



деп еді. Расында, солай ғой. Сен өз фильміңде қандайлық адамзаттық, ғаламдық мәселені көтердім дегенмен, оны дүниежүзі қабылдай қоюы екіталай. Өйткені ол оған таңсық емес. Сен кімсің, қазақсың ба, онда оған сол қазақ керек. «Жарығым, ботам, құлыным, алтыным» деген сөзді қазақтан артық ешкім айта алмайды. Дүниежүзі сол сөздің қазақтың қанында қалай бүлкілдеп жатқанын сезінуі керек. Еуропада дала, бала деген ұғым аса жоғары деңгейде айтылмайды. Міне, сен соны көрсетуің керек. Дүниені жасанды интеллект, жасанды технология, цифрология билеп бара жатқанда біз адамзат бойынан қашып бара жатқан табиғилықты қайтаруымыз керек. Ол үшін ұлттық киноны дилетанттар, маргиналдар, демагогтардан

СЕН ӨЗ ФИЛЬМІҢДЕ ҚАНДАЙЛЫҚ АДАМЗАТТЫҚ, ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕНІ КӨТЕРДІМ ДЕГЕНМЕН, ОНЫ ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАБЫЛДАЙ ҚОЮЫ ЕКІТАЛАЙ. ӨЙТКЕНІ ОЛ ОҒАН ТАҢСЫҚ ЕМЕС. СЕН КІМСІҢ, ҚАЗАҚСЫҢ БА, ОНДА ОҒАН СОЛ ҚАЗАҚ КЕРЕК. «ЖАРЫҒЫМ, БОТАМ, ҚҰЛЫНЫМ, АЛТЫНЫМ» ДЕГЕН СӨЗДІ ҚАЗАҚТАН АРТЫҚ ЕШКІМ АЙТА АЛМАЙДЫ. ДҮНИЕЖҮЗІ СОЛ СӨЗДІҢ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНДА ҚАЛАЙ БҮЛКІЛДЕП ЖАТҚАНЫН СЕЗІНУІ КЕРЕК. ЕУРОПАДА ДАЛА, БАЛА ДЕГЕН ҰҒЫМ АСА ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. МІНЕ, СЕН СОНЫ КӨРСЕТУІҢ КЕРЕК. ДҮНИЕНІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, ЖАСАНДЫ ТЕХНОЛОГИЯ, ЦИФРОЛОГИЯ БИЛЕП БАРА ЖАТҚАНДА БІЗ АДАМЗАТ БОЙЫНАН ҚАШЫП БАРА ЖАТҚАН ТАБИҒИЛЫҚТЫ ҚАЙТАРУЫМЫЗ КЕРЕК.

Смайыловтай реформатор тұлға тұрды. Саптыаяқтан қарауыл қойған заманның өзінде Камалдар ұлтқа жұмыс кстеудің жолын тапты ғой. Ал енді бұрын-соңды болмаған

созылмасына кім кепіл!? Сол секілді Камалдардан кейін қазақ киносының басынан не өтпеді? Ақыр соңы қалай болғаны белгілі. А.Әшімұлы күнделігінде «Кинода Камалдай қайраткер болған емес» деп жазыпты. Ендеше бір Камал, бір кемел билемесе, жағдай мүшкіл.

Соңғы күндерде ұлттық кино саласында ауыс-түйістер болып жатыр. Бірақ олар Камалдар салған сара соқпақпен жүре ала ма. Кешегі ұлттық киномызда жоқ емес, бар классикалық үлгіні ұстанып, ұлт рухын, бекзат болмысын бедерлейтін жаңа көзқарас, соны ізденістерге құлаш сермей ала ма?



Қали СӘРСЕНБАЙ, ҚАЛАМҒЕР

Есімі елімізге ғана емес, бірқатар өзге де мемлекеттерге танымал көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловпен жолымыз сонау жас кезімізде тоғысқан екен. Бұған өмір жолымыздағы алғашқы ізденіс соқпақтарымыздың ұқсастығы да сеп шығар, бәлкім. Себебі, мен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында оқысам, Бәкең менен бірер жыл кейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім алыпты. Екеуміз де кезінде аталған оқу орындарының

табысты басқарып, оның Алматыдағы қазіргі бірегей қалашығының іргетасын қалап кеткен Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков марқұмның лайықты шәкірті екендігі дер едім. Себебі түсінген жанға өзі өте дарынды, соған орай өзгеге де қоятын талабы жоғары академик Жолдасбековке шәкірт бола білу болашағын ойлаған әрбір зерделі жас үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік саналатын. Әрине, мұның өзі әрбір шәкірт үшін үлкен сынақ та еді.

кейін небәрі оншақты жылдың ауқымында осы оқу орны комсомол комитетінің хатшысы, проректоры, партком хатшысы, жетекші инженері, жетекші доценті, сондай-



Фото: bilimdinews.kz

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ БИІК БЕЛЕСІ

комсомол ұйымдарының жұмысына жетекшілік жасаппыз. Сондай-ақ біздің жақын араласып кетуімізге көңіл жақындығымызға қоса, алғаш игерген мамандықтарымыздың біршама ұқсастығы әсер еткен шығар, сірә. Себебі, алғашында мен математика, ал Бәкең механика және қолданбалы математика мамандығы бойынша жоғары білім алғанбыз. Комсомол жұмыстарына араласу арқылы түрлі кездесулер мен іс-шаралар барысында бір-бірімізді жете түсіне білуіміз бізді бірте-бірте арқауы осы күнге дейін үзілмей келе жатқан достық қарым-қатынасқа алып келді.

Бақытжан Тұрсынұлы туралы әңгіме қозғарда орағытып өтуге болмайды деуге лайықты мынадай бір жайт бар. Ол – Бәкеңнің бүгінде есімі мен еңбегі халқымыздың жадында жақсы сақталып қалған белгілі ғалым-академик, көп жылдар бойы жоғарыда аталған Қазақ мемлекеттік университетін

Айтулы академиктің оқуға түскенге дейінгі бірер жылда мектепте мұғалім болып те істеп көрген, Отан алдындағы әскери борышын өтеп те үлгерген, сөйтіп, өмірдің біраз баспалдақтарын артқа тастап, біршама шыңдалып қалған балаң студент Бақытжан Жұмағұловқа назар аударуы кездейсоқ болмаған сияқты. Қалай десек те, атақты ғалым-ұстаз сабақ үлгерімінде алғырлық танытқан, ана тілі мен орыс тілдеріне бірдей жетік, сұңғақ бойлы, түр-тұлғасы келіскен, көзінде оты бар, дарынды да жігерлі жасты қапысыз танығаны байқалады. Танығаны сол емес пе, қазақ даласының құйқалы өңірі Қапалда туып-өскен болашақ қыранды шәкірті ретінде бірден бауырына тартып, ғылымның қия жолына салған да жіберген.

Өмірдің өзі көрсеткендей, көреген ұстаздың ішкі түйсігі алдамаған болып шықты. Бәкең университетті тамамдаған 1979 жылдан

ақ сол кезде қазақстандықтардың күнделікті өміріне енді енді там-тұмдап ене бастаған компьютерлік технологиялар кафедрасының меңгерушісі лауазымына дейінгі жолдан өтіп үлгерген.

Осы аталған қызметтердің бәрін де Бәкең ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыра жүріп атқарды. Соның нәтижесінде ол ізденісін 1989 жылы ғылымның күрделі саналатын физика-математика саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғаумен бір түйіндеп тастаса, бертін келе 1997 жылы оны «Біртекті емес сұйықтардың математикалық үлгілері мен сүзілуі және олардың мұнай кен орындарына арналған компьютерлік технологиялардағы қосымшалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғау арқылы одан әрі тиянақтай түсті.

Білімі кемелденген сайын Бәкеңнің өзінің де ғылыми ортадағы

беделі асқақтай берді. Осы арада мұның өзі екі ғасыр тоғысында оның қызмет сатыларын еліміздегі Ұлттық инженерлік ғылым академиясының жұмысына жетекшілік етуге және аталған сала бойынша халықаралық академиялар президенттері кеңесінің мүшесі болуға дейін жеткізгенін де айта кеткен артық болмас.

Сөйтіп жүргенде, 1991 жылы елімізде халқымыз ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздіктің таңы атты. Енді ұлтымыздың алдында оның іргетасын бекемдеудің қиын да қастерлі міндеті тұрды. Осыған байланысты, бойында ұйымдастырушылық қабілеті мен қайраткерлік қарымы бар қабілетті жандар мен білімді де білікті мамандарға ендігі жерде

енді біреулер халқымыз күткен ол биіктен көріне алмады. Бірақ бұл енді басқа тақырыптың «жыры». Біз үшін маңыздысы сол – өзіміз сөз етіп отырған Бақытжан Жұмағұлов бұл міндеттің үдесінен үлкен абыроймен шыға білді.

Шағын бір мақаланың ауқымында Бәкең атқарған түрлі қызметтерді, сонда жүргенде оның тындырған ауқымды істерін толық баяндап шығу әсте мүмкін емес, әрине. Алайда қайсыбірін атай кетсек, артық бола қоймас.

Бәкең мемлекеттік қызметтің баспалдағын 2001-2005 жылдары

Мәжілісінің депутаты болып сайланып, осы палата Төрағасының орынбасары қызметін атқаруына алып келді.

Бақытжан Тұрсынұлының қай істі қолға алса да, содан оң нәтижеге қол жеткізе білетін осы қасиеті оны 2008 жылы бір кезде өзі білім алған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректорлығына тағайындалуына әсер еткені анық. Аталған қызметті екі жылдай атқара жүріп, ол оқу процесін халықаралық стандарттар бойынша жаңғырту, оны әлемдік ғылым-білім беру кеңістігіне интеграциялау, әлемдік

ҒЫЛЫМ МЕН



бұрынғыдай тек өзі қалаған ісімен айналысумен ғана шектеліп қалмай, жас тәуелсіз елі мойнына қандай жүкті артса, соны ілгері тартуға деген қажеттілік туындады. Көптеген көзі ашық, көкірегі ояу жандар, білімді де білікті мамандар, солардың қатарында танымал ғалымдар да түрлі мемлекеттік қызметтерге тартылды.

Әрине, қарбаласы мол, аласапыран заманда біреулер бұл міндеттің қадірін сезініп, үдесінен абыроймен шыға алды,

тәуелсіз еліміздің білім және ғылым бірінші вице-министрі лауазымынан бастады. Содан кейін бірер жылдың ауқымында Президент Әкімшілігінің қашан да қызуы бір басылмай қайнап жататын Ішкі саясат пен Премьер-Министр Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімдерінің жұмыстарына басшылық жасады. Оның бойындағы зор ұйымдастырушылық қабілет пен осы аталған бөлімдерді басқару мектептерінен өтуі Бәкеңді 2007 жылдың тамызында Парламент

рейтингтерге енгізу, аталған оқу орнының біріңғай электрондық жүйесін құру, университет қалашығының екінші кезегінің құрылысын аяқтау, тағы басқа да салалар бойынша көптеген істерді тындыра алды. Мұның өзі Бәкеңнің 2010 жылы еліміздің білім және ғылым министрі лауазымына тағайындалуына жол ашты дей аламыз.

Осы жылдары ол сондай-ақ бүгінгі «Аманат» партиясының ізашары болған «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары қызметін де атқарып үлгергенін айта кеткен жөн. Ал 2017 жылдан бастап Бәкең Парламент Сенатының депутаты болып, өз бойына жинаған мол білімі мен бай тәжірибесін туған елі мен халқының игілігіне жұмсап, абыроймен қызмет етті.

Сондай-ақ Бәкеңнің жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп жинаған абырой-беделіне қоса, оның осы орайда алған түрлі отандық және шетелдік марапаттары мен атақтарын, ол құрметті мүшесі болып саналатын еліміздегі және халықаралық ауқымдағы ұйымдардың атауларын

санамалап көрсете бастасақ, мұның өзі де бірнеше параққа жүк боларлықтай десек болады. Өз басым көлемі шағын бұл мақалада оның бәрін тәптіштей тізбелеп жатуды артық көріп отырмын. Көзіқарақты оқырман олармен әлеуметтік желілер арқылы оңай таныса алатындығына сенімдімін.

Осылайша көктей шолып өткеннің өзінде де Бәкеңнің жүріп өткен қызмет баспалдақтары талай жайтты аңғартары анық. Бәзбіреулер, бәлкім, өз өмірінде осы аталған қызметтік лауазымдардың тек біреуін атқарып көрсе, іштей де



Фото: bilimnews.kz

БІЛІМНІҢ БИІК БЕЛЕСІ

болса: «Е, Құдайға мың шүкір! Жан болып жаратылған соң, мен де керекті кезде елімнің бір кәдесіне жарап, жоғары лауазымды қызметтің ауыр жүгін арқалап көріппін-ау», – деп өзінше тәубе етуі ғажап емес.

«Жатқан тастың астынан су ақпайды» демекші, қай салада болмасын, адамға ешбір табыс өздігінен келмейді. Оның ту сыртында қашанда қажырлы ізденіспен төгілген маңдай тер тұрады. Бүгінде Бақытжан Жұмағұловтың ғылым саласындағы жетістіктерінен оның еліміздің Ұлттық Ғылым академиясының академигі болып сайлануы мен нақты ғылыми еңбегі үшін алған Мемлекеттік сыйлығы да айқын аңғартып тұр. Сондай-ақ жұртшылық оның әлемдік аренадағы беделін Халықаралық ғылыми және инженерлік қоғамдастықтың мүшесі, бірқатар университеттердің Құрметті мүшесі, Дүниежүзілік түркітілдес елдер математикалық қоғамының президенті екендігінен де білсе керек. Омырауын көмкерген отандық мемлекеттік наградалар – «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, «Парасат», «Достық» ордендері, сондай-ақ түрлі қоғамдық

ұйымдар мен қауымдастықтардың Алтын медальдары да Бәкеңнің елге, қоғамға, ғылымға сіңірген еңбектерін айшықтай түседі.

Бүгінде Бақытжан Тұрсынұлы – гидродинамика және мұнай-газ саласында қолданбалы және есептеуіш математика, ақпараттық технологияларды әзірлеу және қолдану, математикалық модельдеу және математикалық әдістер мәселесі бойынша ғылыми ортаға танымал әрі сыйлы, осы орайда ашқан өзіндік жаңалығы да бар ғалым. Ғылымға және қоғамдық-саяси өмірге қатысты 500-ге тарта ғылыми-публицистикалық жарияланымдар мен сұхбаттардың авторы. Он бестен астам ғылым докторлары мен кандидаттарын даярлаған ұстаздық еңбегі де оның өмірдегі жетістіктерінің бір саласы деуге лайық.

Бәкеңнің қабілет-қарымынан біршама хабардар мен оның осы табыстарына әрдайым сүйсіне қараймын, қуанамын, бірақ таңданбаймын. Өйткені мен оның проблемаларды алыстан көре білетін, соларды жүйелі шешудің жолдарын ұсына алатын тұлға екендігінен жақсы хабардармын.

Бәкең қай қызметте жүрсе де көптің алдына шығып пікір алысудан, өзгелердің ой, ұсыныстарына құлақ қоюдан ешқашан тартынған емес. Сөзге шешен, қашанда нақпа-нақ сөйлеп, жұртты өз уәжіне иландыра білетін Бәкеңнің кіммен болса да ашық ой бөлісуге дайын екендігін ұдайы көріп жүрміз.

Биыл 70 жастың жотасына көтеріліп отырған көрнекті қайраткер, абзал азамат, үлгілі отбасының отағасы Бақытжан Тұрсынұлына мықты денсаулық, өмірде баянды бақыт және қызметте де, ғылымда да табыстар тілеймін.



Махмұд ҚАСЫМБЕКОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері,
саяси ғылымдарының докторы,
профессор, ғылым, техника және
білім саласындағы ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

СӨЗТҮЗЕР

**ЖУАС ҚОЙ
ЖҮНДЕУГЕ
ЖАҚСЫ****МЫСАЛ:**

Жуас қойды
жүндеуге жақсы
дегендер қара
судың бағасын
көтерген.

Қойды
жүндейді,
қырқады. Түйені
жүндейді.
Сондықтан
«Жуас қой



жүндеуге
жақсы» деп
қолдануға
болмайды.

ДҰРЫСЫ: Жуас
түйе жүндеуге
жақсы.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате

қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда
30 жыл

Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап «Шеврон» прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда «Шеврон» Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

**the
human
energy
company** 

**Бас редактор —
директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)